

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде

БЕКІТІЛДІ

Факультет деканы

_____ Б.Б. Мейірбаев

**SAM 1202 «ӨЗІН - ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Мамандықтары:

6B01101- «Педагогика және психология»

6B01801- «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

2 курс, 6 кредит, күзгі 3 семестр.

Алматы, 2022

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы
п.ғ.к., Аринова Б.А.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының мәжілісінде
қаралып ұсынылды.

« _____ » _____ 2022 ж., хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі

_____ Әлқожаева Н.С.

Кіріспе

Пәннің мақсаты: «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының негіздерімен таныстыру, болашақ педагог тұлғасының рухани-адамгершілік өзгеруіне, ішкі әлеуетінің ашылуына ықпал ету

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі.

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – *жазбаша (offline)*. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша студент қабілетті болады:

- «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының ғылыми-теориялық негіздерін;
- Өзін-өзі танудың философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздерінің, әлемдік мәдени мұра мен ұлттық ізгілік идеялардың тарихи өзара байланысы туралы білімдері;
- Топтағы ынтымақтастықты сақтауы және әлеуметтік өзара байланысты орнатуы;
- жағымды ойлау, ой, сөз және істің бірлігінде өмір сүру, эмоцияларын бақылау және т.б.
- Өзін-өзі танудың маңыздылығы туралы сипаттап айтып бере алуы;
Өзін-өзі тану пәнінің өзге пәндерден ерекшеліктерін ажыратып жіктеп талдай алуы;
- Өзін-өзі танудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы нақты мысалдармен дәлелдеп, тұжырымдау.

Емтиханды өткізу формасы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2 сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа пәнді оқыту нысанын білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің пәннің білім мазмұнын түсінуі мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттіліктерді анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу, мәселелерді шешуде өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады. Өзін – өзі тану бойынша практикалық бағыттағы тапсырмалар көрсетіледі.

Дайындалуға арналған тақырыптар:

1 тақырып. «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұндық жүйесі: адамзаттың рухани тәжірибесі рухани-адамгершілік білім беру негіздері. Қазіргі әлемдегі рухани-адамгершілік білімнің басымдылығы.

2 тақырып. «Өзін-өзі тану» РАБББ тарихи-философиялық негіздері. Адамзаттың жаһандық мәселелері және рухани- адамгершілік білім беру қағидалары.

3 тақырып. Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білім беру. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары өзін-өзі танудың этнопедагогикалық негізі ретінде.

4 тақырып. «Өзін-өзі тану» РАБББ психологиялық негіздері: «Мен тұжырымдамасы». Өзін-өзі танудағы төрт «Т» (траст, традишн, транспаренси, толеранс) ұғымдары.

5 тақырып. Адамның ішкі жан әлемі. Сананың құрылымы туралы (түпкі сана, сана, жоғарғы сана). Өзін-өзі танудағы жағымды ойлаудың рөлі: түпкі сананы тазарту

6 тақырып. Жалпыадамзаттық құндылықтар - «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру мазмұнының негізі. «Ақиқат» құндылығы.

Тұлға құндылықтары жүйесінің жіктемесі (Власова Т.И., Толстова О.С., Петракова Т.И.) «Тап қазір» сәтінің күші.

7 тақырып. Дұрыс әрекет жалпыадамзаттық құндылық ретінде. Ұлы ойшылдар дұрыс әрекет туралы. Күнделікті өмірдегі дұрыс әрекет тәжірибесі:«қалаулар шегі». Риясыз қызмет жасауға ұмтылыс.

8 тақырып. «Ішкі тыныштық» құндылығының психологиялық мәні. Ішкі тыныштыққа жетудің тәжірибелік тәсілдері. Эмоцияларды бақылау туралы.

9 тақырып. Сүйіспеншілік мәңгілік жалпыадамзаттық құндылық ретінде. Педагогикадағы сүйіспеншілік. Сүйіспеншілік энергиясы - адамдар арасында өзара түсіністікке қол жеткізу құралы.

10 тақырып. Қиянат жасамау – тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы қиянат жасамау қағидасы

11 тақырып. Өзін-өзі тану және басқа пәндердің құндылықтар иерархиясындағы интеграциялық сипаты. «Өзін-өзі тану» пәнінің гуманитарлық және жаратылыстану циклындағы пәндермен кіріктірілуі.

12 тақырып. Жалпыадамзаттық құндылықтарды оқудан тыс жұмыстарда қолдану. Оқудан тыс іс-әрекеттің түрлері: Қайырымдылық акцияны өткізудің ережелері.

13 тақырып. Мұғалімнің адамгершілік өмірі шынайы көшбасшылықтың үлгісі ретінде. Ұлы рухани ұстаздар көшбасшылық туралы. Мұғалімнің негізгі қасиеттері. Мұғалімнің үш типі.

14 тақырып. Ата-аналармен байланыс - «Өзін-өзі тану» РАБББ жүзеге асырудың қажетті шарты. Балаларды тәрбиелеудегі ата-аналардың жауапкершілігі мен рөлі.

15 тақырып. Азаматтық және қазақстандық патриотизмнің тұлғаның өзін-өзі тануындағы мәні. Дін-қоғамның және тұлғаның рухани байлығының бір бөлігі. Діннің ізгілікті негіздері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Мұқажанова Р.А., Омарова Г.А., Әкімбаева Ж.Ж., Хожамұратова С. Г. Жалпыадамзаттық құндылықтар (5-7сынып) Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. / – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014-132 б.
2. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. Кн. 1,2. Как любить детей.-М.: Амрита-Русь, 2012.
3. «Өмір әдебі» курсы (Адамгершілік әліппесі – 1-4 сын.; Адамгершілік грамматикасы – 5-9 сын.; Ар-ұждан ілімі – 10-11 сын.). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. /Рысбаева А.К., Ходжамуратова С.Г., Габбасова Б./– Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014. – 160 б.
4. Әрінова Б.А. «Өзін өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2018.-172 б.
5. Майғаранова Ш., Муратханова Р. Адамзаттың рухани мұрасы. – Алматы, «Бөбек», 2014.-130б.

Қойылған бағаның көрсеткіштері:

Бағасы	Көрсеткіштері
95-100 (А) 90-94 (А-) Өте жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.

<p>85-89 (B+) 80-84 (B) 75-79 (B-) 70-74 (C+) Жақсы</p>	<p>1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4. 1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.</p>
<p>65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) (Қанағаттанарлық)</p>	<p>1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.</p>
<p>25-49 (FX) 0-24 (F) (Қанағаттанарлықсыз)</p>	<p>1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.</p>